


# Үй тапсырмасы

**Қазақстанның тарихи қалаларының бірін тақырып ретінде алып, эссе жазып келіңіз.**

# Өткен сабақты қайталау

- 1. Қазақстанда мол мұнайлы қай қала?**
  - 2. Оңтүстіктегі мақталы қандай қала?**
  - 3. Қара Ертістің саясында қандай қала?**
  - 4. Ақ Жайықтың жағасында орналасқан қандай қала?**
  - 5. Солтүстік орманда орналасқан қандай қала?**
- 

# **Астанама – бас қалам**

**Кәсіби сөздер**



Р. Е. С. Е. Й

**АСТАНА**

КАСПИЙ  
ТЕҢІЗІ

ҚЫТА

ӨЗБЕКСТАН

ҚЫРҒЫЗСТАН

ТҮРІКМЕНСТАН



## ***АСТАНА – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ***

**Қазақстанның тарихи даму барысында бірнеше қала астана қызметін атқарған. 1920-1924 жылдары Орынбор қаласы, 1924-1928 жылдары Қызылорда , 1928 жылдан Ақмола астана болғанша Алматы осы міндеті атқарды.**

**Ақмола қаласы 50-жылдардың ортасында тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дами бастаған солтүстік облыс орталықтарының бірі болды. 1996 жылы 6 шілдеде астананы Алматыдан Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды. 1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде жарияланды. Ал 1998 жылы 6 мамырда елбасы Н.Ә.Назарбаев Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда ресми түрде жаңа астананың тұсаукесер тойы болып өтті.**

**Орналасуы** – Қазақстанның орталық бөлігінің солтүстігі, Ақмола облысында, Есіл өзенінің жайылмасындағы жазықта.

**Климат** – шұғыл континенталды: орташа ыстық жаз және ұзаққа созылатын аязды қыс.

**Географиялық координаталар** -  $51,18^{\circ}$  солтүстік ендік және  $71,42^{\circ}$  шығыс бойлық.

**Жергілікті уақыт** – Астана 5-ші сағаттық белдеуде орналасқан. Жергілікті уақыт нөлдік меридианға қатысты GMT +06.00 деп есептеледі.

**Қаланың аумағы** - 710, 2 шаршы км.

**Халқының саны** – 584 800 адам. Астанада 100-ден астам ұлттың өкілдері тұрады.



Тарихи

Еурасия қисімі

Саяси

Әлеуметтік қайта




# ТАРИХЫ


## АСТАНА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛОРДАСЫ



1997 жылы егемен Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен **Ақмола Қазақстанның елордасына айналды**. Мұндай шешімнің қабылдануына қаланың геосаяси тұрғыдан елдің орталығында, аса ірі көлік жолдарының қиылысында орналасуы, қажетті көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылымның, елорданы дамытуға қажетті бос жатқан жерлердің болуы себеп болды. Халқы 290 мың адамды құрайтын, Қазақстандағы ең көркем әрі келешегі мол қалалардың бірі Қазақстанның жаңа астанасына айналды. Қаланың алаңы 1997 жылы 258 шаршы километрді құраса, бүгін Астана 710,2 шаршы километрді алып жатыр.



1998 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес **Ақмоланың атауы Астана деп өзгертілді**. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Қазақстанның астанасына медаль тапсырылып, «**Бейбітшілік қаласы**» деген жоғары атақ берілді. Бүгін Астана – **еуразиялық кеңістіктің орталығы**, мұнда қазіргі заманғы саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша түрлі басқосулар өткізіледі.



# *Астана - Бәйтерек*











# Жаңа тақырып

**Кәсіби сөздер** – белгілі бір шаруашылыққа, кәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер. Қазақ тілі кәсіби сөздерге бай.

# Кәсіби сөзбен диалект сөздің айырмашылығы

## Диалект сөздер

*Белгілі бір жердегі  
(аймақтардағы,  
облыстардағы,  
аудандардағы)  
адамдардың,  
тұрғындардың сөйлеу  
тілінде қолданылатын  
сөздер*

## ұқсастығы

Қолдану  
аясы  
шектеулі  
сөздер,  
Екеуін де  
лексика  
ғылымы  
зерттейді

## Кәсіби сөздер

*белгілі бір кәсіппен,  
шаруашылықпен  
шұғылданатын  
айналысатын  
адамдардың арасындағы  
айтылатын сөздер, екіге  
бөлінеді.*





## Төмендегі сөздерді қолданылатын саларға бөліп жаз

<b>Дәрігер</b>	<b>Мұғалім</b>	<b>Полиция</b>	<b>Балықшы</b>	<b>Құрылысшы</b>	<b>Электрик</b>

педиатр, қысқа мерзімді жоспар, шені, қарамақ, күрек, сым, гигиенист, көлік, ау, әдіс – тәсіл, сот, балық, цемент, АЭС, ине, біліктілік санаты, заң, сазан, балға, вольт, эпидемиолог, сынып, құқық, уылдырық, тұрғын үй жобасы, тоқ өлшеу, скальпель, журнал, медициналық маска, қару, бекіре, арнайы киім, трансформатор, дуал, педагогика.



# **КІМ ЖЫЛДАМ**

**Тұңғыш ғарышкер кім?**

**Ғарыш айлағы қайда орналасқан?**

**Шәкен Айманов қай жылы дүниеге келген?**

**1991 жылы ғарышқа кім ұшты?**

**ЮНЕСКО көлемінде кімнің мерейтойы тойланды?**

# ШҰҒЫЛ ЕСТЕ САҚТАУ

Елтаңбаларды зерттейтін ғылымды *геральдика*, туларды зерттейтін ғылымды *виксикология* деп атайды.

Қазіргі *Астана* қаласының шетінде, *Есіл* өзенінің солтүстік алқабында ерте орта ғасырларда *Бозақ* аталатын қала болған. Бұл тарихи *ескерткіш* Бозақты көлінің *шығыс* жағалауын алып жатыр.

**Елтаңбаларды зерттейтін ғылымды ....., туларды зерттейтін ғылымды ..... деп атайды.**

**Қазіргі ..... қаласының шетінде, ..... өзенінің солтүстік ..... ерте орта ғасырларда ..... аталатын қала болған. Бұл тарихи ескерткіш Бозақты көлінің ..... жағалауын алып жатыр.**

# Сабақты бекіту

**Нені білдім**

**Нені түсіндім**



# Үйге тапсырма

1. Сөзжұмбақ құрастырып келу
2. Астана жайында қызықты мәлеметтер біліп келу.
3. Кәсіби сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрап келу.